

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«М.ӨТЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІ»
МКҚК**

**Жастар ісі жөніндегі комитеті және студенттік парламентінің
2024-2025 оқу жылының жылдық
ЕСЕБІ**

**Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары _____ Құрманбеков А.Ж.**

**Жастар ісі жөніндегі
комитетінің төрағасы _____ Ильясов Ж.С.**

**Студенттік парламент
президенті _____ Сейдулла Ж.**

Шымкент-2025ж

Ақпан айында:

04.02.2025 жылы М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде ЖІЖК-нің және студенттік парламентінің екінші жарты жылдықтың алғашқы отырысы өтті.

Күн тәртібінде:


1. Жаңадан тағайындалған депутаттарды таныстыру.
2. Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығуына 36 жыл толуына орай «Ерлік ұмытылмайды» атты кездесуді жоспарлап, талқылып, ұйымдастыру.
3. Әртүрлі мәселелер.

Отырыстың алғашқы сөзін ЖІЖК-нің төрағасы Жасулан Советбекұлы алып күн тәртібінде тұрған мәселемен таныстырып, бірінші мәселе бойынша Құқық және тәртіп фракция депутаты ҚР-01-23 тобының студенті Жұмабек Асылханды, Экология фракциясы депутаты ҚР-01-23 тобының студенті Мухтаров Сұлтанмурадты, Қайырымдылық фракциясы депутаты АЖ-03-23 тобының студенті Абдіқадыр Анельяны таныстырып, жаңа қызметтерімен құттықтап, сәттілік тіледі. Өз кезегінде депутаттар аянбай еңбек ететіндерін және сенімді ақтайтындарын айтты. Парламент президенті сөз алып екінші мәселе бойынша жоспарларын айып бөлісіп, сонымен қатар парламент мүшелеріне алдағы өтілетін шаралар туралы ойларын, ұсыныстарын айтуды сұрады және бұл іс-шаралардың маңыздылығын айтып өтті. Сонымен қатар фракция депутаттарының жұмыстары туралы есептерін тыңдады. Мәдениет және өнер фракциясының депутаты Ирисматова Мавлюда аталған іс-шараларға қойылатын номерлер жайлы өз ұсынысын айтып, барынша дайын болатынын жеткізді. Жиналыс соңында төраға белсенділерге сәттілік тіледі және барлығы жоспарға сәйкес уақытында орындалуын тапсырды.



<https://www.facebook.com/share/p/1BrqRmrDsn/>

05.02.2025ж күні Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті ұйымдастырған «Волонтерлық ұйымдардың басшыларымен үйлестірушілері» санаты бойынша іс шараға М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің ЖІЖК-нің студенттік парламентінің ақпарат фракциясы депутаты Әшіммырза Зейнеп белсене атсалысып қайтты.



<https://www.facebook.com/share/p/16HvQziTh9/>

07.02.2025ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТ колледжінде «Бір зат алып, бір отбасыға жылу сыйла» тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды.

Жәрмеңкеге колледждің ЖІЖ комитетінің студенттік парламентінің еріктілері және колледжіміздің алты бөлімінің басшылары мен студенттері атсаласып жоғары деңгейде өткізді.

Жиналған қаражат мұқтаж болып отырған отбасыларға көмір, азық - түлік және тұрмыстық жағдайларға керекті заттар алуға жұмсалады.

Адамның шын мағынасындағы білімді болу үшін үш қасиет қажет – кең көлемді білім, ойлай білу және қайырымдылық сезім.



<https://www.facebook.com/share/p/1DjmfFqXzO/>

12.02.2025ж күні М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің ЖІЖ комитеті, студенттік парламенттің мәдениет және өнер фракциясы және «Дене шынықтыру» және «АӘД» кафедрасының педагогі Запастағы майор Рутемов Байзақ Қалуұлымен «Жас сарбаз» клубы бірлесіп Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығуына 36 жыл толуына орай «Ерлік ұмытылмайды» атты тақырыбында Шымкент қалалық «Ауған соғысы мүгедектері қоғамының» мүшелері, Ауған соғысы ардагерлері Ералы Сапарбайұлы Оразбаев және Омірбай Өскенұлы Қалдыбек ағаларымыздың қатысуымен кездесу өткізілді. Іс шара осы ауғанның от жалынынан оралмаған, марқұм болған ауған соғысының жауынгерлерін бір минут үнсіздік сақтап, еске алумен басталып, Рутемов Байзақ Қалуұлы алғашқы сөз алып келген ардагерлерді таныстырды. Өз кезегінде ардагерлер соғыс жылдарындағы естеліктерімен бөлісіп, жастарымыздың көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді. Кездесу «Жас сарбаз» клубының мүшелері арасында автомат шашудан жарыспен жалғасса, парламент

белсенділері ағаларына арнап өлендерін оқып, домбырамен күй тартып, әнмен шашу шашып, мың бұралған бишілер би биледі.



<https://www.facebook.com/share/p/1AeEzbjAec/>

М. Өтебаев атындағы ЖЖТ колледжінің дебат фракциясының "Шамшырақ" дебат клубының пікірсайысшыларының қатысуымен 12.02.25ж "Интернетке тәуелділіктің білім алушы психологиясына әсері" атты пікірсайыс ойыны өтті.

Төрешілік құқығы толықтай аудиторияға беріліп, ойын жаңа әрі ашық форматта өтті. Спикерлер өз тараптарын ережелерге сай қорғап қызықты ойын көрсетті.

Үкімет:



Лидер: Арысбек Нұрай бикеш

Спикер: Елубай Қасиет бикеш

Оппозиция:

Лидер: Серікқызы Нұрай бикеш

Спикер: Абылай Анель бикеш



25.02.25ж күні "Ұшқыр ой" жобасының аясында "Шамшырақ" ПК ұйымдастыруымен "Сен және Заң" тақырыбында ашық дебат ойыны өтті. Ойында "Шамшырақ" ПК жас буындары өз ойларын ортаға сала отыра, қарардың өзектілігімен қазіргі қоғамдағы мәселелер талқылады. Жас буындар кезекті ойындарында өздерін толық ашып көрсете алды. Алдағы ойындарына тек қана сәттілік тілейміз!



<https://www.facebook.com/share/p/16TO7qhwAs/>

28.02.25ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖІЖК студенттік парламентінің құқық және тәртіп фракциясы «Отбасы құндылықтары» тақырыбында кездесу ұйымдастырды.

Кездесу қонағы “Ізгілікке жарысайық” қайырымдылық қорының басшысы Қайрат Бақытұлы.

Іс шарада алғашқы сөзді депутат Жұмабек Асылхан алып студент жастарға тақырып жайлы айтып, келген қонақты таныстырды. Өз кезегінде Қайрат Бақытұлы жастарға отбасы құндылығы жайлы мағлұмат беріп, студенттердің сұрақтарына жауап берді. Кездесу өте мағналы, пайдалы мағлұматтарға бай болды.



<https://www.facebook.com/share/p/15fuPRePoG/>

28.02.25ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖІЖК студенттік парламентінің ақпарат фракциясы 1 наурыз - Алғыс айту күні және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай челенджге қатысып видеороликті желіге жариялады.



<https://www.facebook.com/share/v/16R6X2p72b/>

28.02.25ж күні М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде ЖІЖ комитет, студенттік парламентінің спорт және салауатты өмір салты фракциясымен Манап Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің 55 жылдығына арналған бөлім аралық студенттер арасында спартакиада өткізілді. Жарыс тартысқа тола болып, шын мықтылар жеңіске жетті.

Жарыс нәтижесі:

1. Орын «Құрылыс» бөлімі
2. Орын «Ақпараттық жүйелер»
3. Орын «Құқықтық және техникалық» бөлімі

Ойынның үздіктері:

- Әбдікерім Тоқсаба - үздік ойыншы шахмат ойынынан КР-01-24 студентті
- Омаркулова Зарипа - үздік ойыншы шашка ойынынан ЕТ-01-24 студентті
- Тәңірберген Лашын - белсенді шахмат ойынынан АЖ-01-24 студентті
- Тағайбек Қаршыға - белсенді шашка ойынынан КР-01-24 студентті
- Бескен Альнура - белсенді студент шашка ойынынан ДИ -01-24 студентті



<https://www.facebook.com/share/p/1AHZL6U7s8/>

04.03.2025ж күні М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде ЖІЖК -нің студенттік парламентінің өзін-өзітану және бақыт фракциясы ШҚ жастар ресурстық орталығымен бірлесе отырып «Нашақорлық – қоғам дерті» атты тақырыпта студенттермен кездесу ұйымдастырды.

Іс-шараның алғашқы сөзін ШҚ жастар ресурстық орталығының маманы Нұралы Бакдәулет Абдіғалпарұлы алып тақырып жайлы айтып, Шымкент қаласы Психикалық денсаулық сақтау орталығының нарколог дәрігері Одаман Меруерт Сәлімбайқызын таныстырды.

Өз кезегінде Меруерт Сәлімбайқызы «Нашақорлық – қоғам дерті» тақырыбына байланысты мәлімет беріп, бейне баян көрсетті. Кездесу соңында студенттер көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, мардымды жауап алды.



<https://www.facebook.com/share/p/16QPQjaQRs/>


05.03.2025ж күні М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде ЖІЖК -нің студенттік парламентінің өзін-өзітану және бақыт фракциясының ұйымдастыруымен «Жетістікке жету мотивациясы» атты тақырыбында тимбилдинг өткізілді.

Бұл шараның басты мақсаты – студенттерге өз армандарын айқындау, мақсаттарын жүйелеу және болашаққа нақты жоспар құру жолдарын үйрету. Шара барысында қатысушылар:

- ✓ Армандар картасын жасап, болашақтағы жетістіктерін көзбен елестетті;
- ✓ Мотивациялық тапсырмалар орындап, бір-бірімен тәжірибе алмасты;

✓ Командалық ойындар арқылы бір-бірін қолдап, шабыттандырды.

Бұл тимбилдинг студенттерге өз болашағына сеніммен қарауға, мақсаттарына жетуге мотивация алуға көмектесті. Армандар орындалуы үшін ең бастысы – сенім, еңбек және дұрыс жоспар екенін тағы бір мәрте дәлелдедік!



<https://www.facebook.com/share/p/15Ym4xRybX/>

06.03.2025 жылы М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің ЖІЖ комитетінің студенттік парламенті «Мәдениет және өнер» фракциясы

ЕА-01-24 тобымен бірлесе отырып халықаралық әйелдер күні қарсаңында «**Аяулы жандар Аналар**» атты тақырыбында құттықтау концертін ұйымдастырды. Іс-шараның басында колледж колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбеков Асқар Жарқынбекұлы аруларымызды шын жүректен құтықтап, денсаулық, отбасыларына амандық, жақсылық тіледі.

Өз кезегінде колледждің белсенді, өнерлі жастары әннен шашу шашып, би билеп, қазақтың қасиетті домбырасымен куй тартып апайлар мен студенттердің көңілінен шықты.

Сіздерден өскен балалар

Батырлар мен даналар.


Құттықтаймызмейраммен,

Құрметті абзал аналар мерекелеріңіз құтты болсын!!!



<https://www.facebook.com/share/p/16girNFxRr/>

06.03.25ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖІЖК студенттік парламентінің ақпарат фракциясы «Ананың аялы алақаны». «Шабыт» жобасы аясында челленджене қатысып видеороликтер жасалып интернет желісіне таратылды



<https://www.facebook.com/share/p/1BaNK7GBg7/>


07.03.2025ж күні М. Өтебаев атындағы ЖЖТК студенттік парламентінің қайырымдылық фракциясы Жастар Ресурстық Орталығымен біріге отырып " Аялы алақан" жобасы аясында қарт кісіге көмекке барды. Еріктілер қарт кісіге құр қол бармай бір реттік азық-түлігін ала барды. Сонымен қоса үй шаруларына көмектесті. Өз

кезегінде қарт апамыз Байдулаева Ақжан Орынбекқызына еріктілерлеріміздің жасаған жақсылығымен жұмысы ұнап, өз батасын беріп ризашылығын білдірді.
Әр қашанда жақсылық жасап жүрейік!!!



<https://www.facebook.com/share/v/14hAgoMSD9/>

13.03.25ж күні Шымкент қаласы Манап Өтебаев атындағы ЖЖТ коледжінің ЖІЖ комитетінің студенттік парламенті Наурыз мерекесіне орай «Наурызнама» мерекелік онкүндігі тұжырымдамасы аясында 15.03.2025ж қайырымдылық күніне орай «Экология және еңбек» фракциясының еріктілері қалалық жастар орталығының ұйымдастырған «ШУАҚТЫ НАУРЫЗ ШЫМКЕНТТЕ» атты қайырымдылық концертіне белсене атсалысып, іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне өз үлестерін қосып қайтты.



<https://www.facebook.com/share/v/1CMYXwCY7M/>

14.03.25ж күні 14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күнді Амал мерекесі деп те атайды. Адамдар осы күні бұрынғы өкпе-ренішін кешіріп, бір-біріне амандық-саулық тілейді. Көрісу күнінде жасы кіші адам үлкен кісінің үйіне барып көрісіп шығады. Міндетті түрде кем дегенде үш үйдің есігін ашу керек деген ырым бар. Әсіресе құдайы көршіге алдыңғы ретте кіріп шыққан жөн.



<https://www.facebook.com/share/v/1GJQ68cVCa/>

18 НАУРЫЗ «ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ»

«Наурызнама» мерекелік онкүндігі аясында іс шарасы.

Қазағымның ұлттық киімдерін жоғары бағалап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жете берсін!



<https://www.facebook.com/share/v/1LBr5koMM3/>

01.04.2025ж күні М.Отебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің "Өзін-өзі тану" фракциясының ұйымдастыруымен «Тағдырдың кілті – өз қолыңда!» атты тақырыбында колледж білім алушыларна мотивациялық тренинг өткізілді.

Іс шараның қонағы жастарға кәсіби бағдар, тұлғалық дамуды қалыптастыратын «Senin ortal» жобасының жетекшісі М.Ауезов ОҚЗУ-дың Жастар орталығының директоры, профориентолог Бесбаев Ақан.



<https://www.facebook.com/share/p/16Kw2npwBk/>

15-сәуір «Қозы көрпеш-Баян сұлу» ғашықтар күніне орай 22.04.2025ж Жастар комитеті, көркемдік жетекші Лаура Муғалбекова және студенттік парламентінің белсенділері «Ғашықтық көңіл-мәңгі жасыл айдын көл» атты тақырыпта бөлім аралық сайыс ұйымдастырды.

Мақсаты:

- Жастардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін, өнерге деген құштарлығын арттыру.
- Талантты және дарынды жастарға қолдау көрсету.

Байқаудың әділқазылар алқасы:

- Орталық Азия Инновациялық Университетінің жастар ісі жөніндегі комитет басшысы **Карсанбек Рақатбек Нуржанұлы**
- Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары **Досалиева Жұлдыз Даулетқызы**
- Колледж әдіскері **Оразова Гүлмира Файзулақызы**

Байқаудың жеңімпаздары:

- Бас жүлде иегері Есептеу техникасы! ЕТ-02-24 Тұрған Бекарыс ЕТ-04-24 Бағдатқызы Сабира.
- 1-орын иегері Ақпараттық жуелер бөлімі! АЖ-04-24 Туреханов Сауран АЖ-04-24 Кайракбаева Амина.
- Заң бөлімі! ДИ-01-23 Оразәлі Кәусар ДИ-01-23 Орынбай Серікжан.

- Салалық мамандық бөлімі! ЕА-02-23 Анвар Маржан Әж-01-24 Құлмахан Нурислам.
- Көрермендер көзайымы номинациясының иегері Техникалық бөлім! ГМ-01-24 Усман Сая СТ-02-24 Ырғалбек Жарқын.
- Жарасымды жұп номинациясының иегері Құрылыс бөлімі! СӨ-01-24 Аманқұл Нұрай ҚР-01-24 Есенгелдіұлы Досымжан.



<https://www.facebook.com/share/p/16gX3aTn7r/>

23.04.25ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖІЖК студенттік парламентінің құқық және тәртіп фракциясы «Жастардан – жастарға ақпараттық керуен» жобасы

аясында білім алушыларға «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту», «Жастар практикасы», «Жасыл ел», «Ақылы қоғамдық жұмыс», «Алғашқы жұмыс орны», «Нұрлы жер» бағдарламалары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында арнайы сала мамандарымен кездесу ұйымдастырды.

Іс-шараның алғашқы сөзін ШҚ жастар ресурстық орталығының жоғарғы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен жұмыс жүргізу бөлімінің инспекторы Төребек Әсел Жаңабайқызы алып тақырып жайлы айтып, кездесуге келген мамандар Абай ауданы бойынша мансап орталығы Еңбек ресурстарын болжау және жұмыспен қамту бөлім басшысының м.у.а. Қуантай Әйтеке Қалтөреұлын және Отбасы банк қаржы кеңесші Садықбекова Акерке Болатқызын таныстырды.

Өз кезегінде мамандар өз саласына байланысты мәлімет беріп, кездесу соңында студенттердің көкейінде жүрген сұрақтарына жауап берді.



<https://www.facebook.com/share/p/16D25Bcfuj/>

25.04.2025 жылы Манап Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖІЖК, студенттік парламентінің құқық және тәртіп фракциясы және Дін істері басқармасымен бірлесе отырып «Діни экстремизмнің алдын алу және діни сергектік» тақырыбында сала мамандарымен кездесу ұйымдастырды.

Кездесуге Дін істері басқармасының "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ бөлім басшысы, дінтанушы Байманова Тыныштық Сейлбекқызы қатысып, тақырыпқа сай бейне баян көрсетіп, жастарға дін мәселелерін толығымен түсіндіріп берді.


Өзі кезегінде студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарға тұшымды жауап алды.



<https://www.facebook.com/share/p/1BstDDyPNm/>

30.04.25ж күні М.Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖІЖК студенттік парламентінің ақпарат фракциясы «1 мамыр – халықтар достығы күні» орай құттықтау видеоролигін түсіріп интернет желісіне жүктеді.





<https://www.facebook.com/share/v/1XukWLRtCg/>

05.05.2025 жылы М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің ЖІЖ комитеті, студенттік парламенттің мәдениет және өнер фракциясы, «Жас сарбаздар» клубы, колледж көркем жетекшісі Лаура Мугалбековамен бірлесіп Ұлы жеңіске 80 жыл, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың туылғанына 100 жыл және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер құрылғанына 33-жыл толуына орай әскери - патриоттық іс шарасы өткізілді.

Іс-шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын енгізумен және мемлекеттік Әнұранның шырқалуымен басталып, «Жеңіс» әнімен жалғасты.

Алғашқы құттықтау сөзі колледж директорының тәрбе ісі жөніндегі орынбасары Құрманбеков Асқар Жарқынбекұлына берілді. Асқар Жарқынбекұлы барлығын Ұлы жеңіске 80 жыл, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер құрылғанына 33-жыл толуымен құттықтап, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлова жайлы айтып, жастарды патриот болуға шақырды. Өз кезегінде майор, колледжіміздің АӘД пәнінің оқытушысы Рустемов Байзах Қалуұлы сөз алып студенттерге келген қонақтарды таныстырып, іс-шараның маңыздылығына тоқталды.


Подполковник Умарбеков Сакен Қолдасбекұлы, 2-сыныпты сержант Үйсінбаев Дархан Ибаділдәулы барлығын мерекелерімен құттықтап, "Ұлан" Құттыбай Даурен Алдиярұлы жастарды патриот болуға шақырды.

Патриоттық іс шара колледждің «Жас сарбаздар» клубының мүшелерінің норматив № 12,13 АК-74 жартылай бөлшектеу және жинақтау, Кір тасын көтеруден жарысымен жалғасып, мәдениет және өнер фракциясының белсенді, өнерлі жастарының соғыс кезіндегі әндерді орындаумен жалғасты. Іс шарашының соңында Хабибуллаев Шахназар «Атамекен» әнін орындап, барлық көрермендер орындарынан тұрып қосылып айтумен аяқталды. Ерлік даңқын дәріптеуге бағытталған патриоттық іс шарадан көпшілік ерекше әсер алып тарқасты.



21.05.2025ж.М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледж кітапханасының оқу залында «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасы аясында «**Оқу зиянды емес-оқымау зиян!**» тақырыбында жастар комитетінің студенттік парламентінің Өзін-өзітану және бақыт фракциясының ұйымдастыруымен флешмоб чаленжі өтті.

Флешмобтың мақсаты: жастардың әдебиет әлемін тануды жалғастыруға ,ой –өрісін дамытуға деген ұмтылысын арттыру. Кітап оқу –тәуелсіз болуға, басқалардың ықпалынан аулақ болуға, жеке мінез -құлықты қалыптастыруға көмектеседі. Кітап оқыңыз, ойланыңыз, өзіңізді және жолыңызды іздеңіз!



<https://www.facebook.com/share/v/16L9oDoffg/>

22.05.25ж күні Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде “Алтын Орда” ҚҚҚ-сі және Манап Өтебаев атындағы ЖЖТК-нің ЖЖК-ті студенттік парламентінің “Өзін-өзітану және бақыт” фракция, колледж психологтары Еркінбекова Ақзада Оралбекқызы және Тұрғанбай Ұлсана Бақтыбайқызының ұйымдастыруымен Манап Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде “Зорлықсыз отбасы - берік қоғамның негізі” тақырыбында консультациялық кездесу өткізілді.

Іс-шараның мақсаты- қоғамда зорлық-зомбылықты болдырмау, оның алдын алу және зардап шеккендердің құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Адам құқығын қорғау, зорлық - зомбылықтың барлық түрлерін жою, алдын алу және хабардарлықты арттыру, жәбірленушілерге көмек көрсету.

Спикер: Асанова Салтанат Сайлауқызы-гешталт терапевт, Қазақстан психологтар Одағының мүшесі, практик психолог.



<https://www.facebook.com/share/p/16BEaLkhgL/>

30.06.25ж күні Шымкент қаласы Манап Өтебаев атындағы ЖЖТ колледжінің ЖІЖ комитетінің студенттік парламенті «Экология және еңбек» фракциясының еріктілері "Жұмысшы мамандықтар жылы" аясында жоспарланған іс-шаралар шеңберінде «М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі» МКҚК-де сенбілікке белсене атсалысты. Сенбілік шеңберінде тазалық жұмыстары жүргізіліп, колледж ауласы ретке келтірілді.





<https://www.facebook.com/share/v/1A6YXRepeg/>

03.06.2025ж күні М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің ЖІЖ комитеті, студенттік парламенттің мәдениет және өнер фракциясы және «Дене шынықтыру» және «АӘД» кафедрасының педагогі Запастағы майор Рутемов Байзақ Қалуұлымен «Жас сарбаз» клубы бірлесіп

4 маусым – мемлекеттік рәміздер күніне орай **«Ел рәміздері – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі»** атты тақырыбындағы салтанатты іс –шарасын ұйымдастырды.

Іс-шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын енгізумен және мемлекеттік Әнұранның шырқалуымен басталып, домбырашылардың күй тартуымен жалғасты.

Алғашқы құттықтау сөзі колледж директорының тәрбе ісі жөніндегі орынбасары Құрманбеков Асқар Жарқынбекұлына берілді. Асқар Жарқынбекұлы барлығын мерекемен құттықтады. Бескен Альнура ДИ – 01-24 тобы, Елубай Қасиет АЖ – 02 -24 тобы және Алдабергенова Гулмерей АЖ – 03-23 тобының студенттері еліміздің рәміздері туралы баяндама оқып, студенттер арасында сурақтар қойып, дұрыс жауап берген жастарға сыйлықтарын берді. Мәдениет және өнер фракциясының белсенді, өнерлі жастары әндерін шырқаса, іс шарашының соңында Хабибуллаев Шахназар «Атамекен» әнін орындап, барлық көрермендер орындарынан тұрып қосылып айтумен аяқталды.



<https://www.facebook.com/share/1C56DpDbAa/>

09.04.25ж күні Манап Өтебаев атындағы жаңа технологиялар колледжінің студенттік парламентінің ақпарат фракциясының ұйымдастыруымен "Есірткісіз болашақ", "Дені сау ұлт - дені сау ұрпақ" атты челлендж!

Есірткісіз болашақ
Дені сау ұлт-дені сау ұрпақ



<https://www.facebook.com/share/v/1BhNJxMqFk/>

Біздің жетістіктеріміз:

“БІРТҰТАС ТӘРБИЕ” бағдарламасы аясында Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы мен “Авиценна атындағы жоғары медициналық колледжінің” 20 жылдығына орай 20 ақпан күні өткен “ЖАСТАРЫ БЕЛСЕНДІ ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ ЖАРҚЫН” тақырыбындағы пікірсайыс турнирінде “Шамшырақ” дебат клубы жүлделі 3-орын иеленді.

“Шамшырақ” фракциясы:

Әділхан Бақдаулет

Абылай Анель.



Ақпан айының 23 жұлдызында өткен М.Әуезов атындағы “Филология” факультеті деканының кубогіне арналған “SUMMARY CUP” әдеби-пікірсайыс турнирінде пікірсайысшымыз Серікқызы Нұрай 68 спикерлік баллымен турнирде "Үздік спикер" номинациясын алды. Алдағы уақытта биік шыңдардан көрінуіне тілектеспіз!



11.03.2025ж күні Шымкент қалалық саяси қуғын - сүргін құрбандары музейі “ Қасіреті мол тағдыр иесі” атты тақырыбындағы іс –шараға белсене қатысқандары үшін

Қанайбек Аяжан және Тұрған Бекарыс мекеме басшысының алғыс хатымен марапатталды.



Шымкент қаласының Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен Қазақстан Халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай 4-5.06.2025ж күндері аралығында «Достық әуендері» конкурсы өтті. Аталған конкурсқа М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің студенті Хабибуллаев Шахназар қатысып, жүлделі 3 орын иеленді.

